

---

# ТІЛТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ACTUAL PROBLEMS OF LINGUISTICS

DOI 10.31489/2022Ph3/6-11

ӘОЖ 81'35.003.2.3

Е.Е. Түйте\*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан  
(E-mail: eldos\_t\_e@mail.ru)*

## **Қасым Аманжолов шығармаларының тілдік ерекшеліктері: ұлттық сипатты танытатын лексика**

Кез келген халықтың тіл байлығы ақын-жазушылардың шығармалары негізінде толығып отырады. Оларды талдау арқылы заманға сай тілдегі жаңа сөз қолданыстарын, соны тіркестерді байқай аламыз. Мақалада ақын Қ. Аманжолов шығармаларындағы қазақ халқына тән сипаттың, ұлттық ерекшеліктердің тілдік тұлғалар арқылы берілуі сөз болады. Қазақ халқының танымын, табиғатын, қайталанбас ерекшеліктерін суреттейтін ақынға тән сөз қолданыстары тілдік тұрғыдан талданған. Атап айтқанда, Қ. Аманжолов өлеңдерінде халқымыздың болмысын, тұрмыстық тыныс-тіршілігін танытатын заттық, дыбыстық, көру, дәмдік, тактильді бейнеде көрініс беретін тілдік бірліктер, әдет-ғұрып пен салт дәстүрге қатысты лексика, географиямызға тән антропонимика мен топонимикалық атаулар көрсетіледі. Ақынның шексіз сүю мен сағыныштан пайда болған туған жері мен еліне қатысты образды-тілдік суреттеулері, өзіне тән ерекше сөз қолданыстары мысалдармен нақты беріліп, дәлелді түрде көрсетіліп отырады. Ақын өлеңдеріндегі қазақтың дархан даласы мен ауылын сипаттайтын тілдік бейне, тілдік қарым-қатынас үдерісіндегі халқымызға тән жанына жақын тарту, жақсы көру, еркелету мәнді сөздер мен қаратпалар автор мақаласында жан-жақты көрініс беріп, тілдік тұрғыдан талданған.

*Кілт сөздер:* поэзия, тілдік бірліктер, қазақ әдеби тілі, лексика, ұлттық құндылықтар, заттық бейне, тактильді бейне, тура мағына, ауыспалы мағына, сөз, дыбыс, символ, география, эпитет, теңеу, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тілдік қолданыстар, тіл байлығы.

### *Kipicne*

Кез келген қаламгер шығармасынан өзі туған, өсіп-өнген ортасының ерекшеліктерін, заманының келбетін, тыныс-тіршілігін аңғару қиынға соқпайды. Өйткені адам лексикалық тіл байлығын өзі өмір сүрген ортаның әсерінен қалыптастырады және оны әркез қоғам қажеттілігін өтеу мақсатында дамытып отырады. Қазақ әдеби тілінің дамуына, қазақ поэзиясының жаңа бір сатыға көтерілуіне себепкер болған тұлғаның бірі — Қасым Аманжолов. Қазақ поэзиясында Қасым өлеңдерінің алатын орны ерекше. Поэзия патшасы Абайдан нәр алып, өзіндік қолтаңбасы бар талғамы терең ақын өлеңдерінің мазмұны әр алуан, табиғаты тереңде. Ақынның қай тақырыптағы қандай өлеңін алып қарасаңыз да қазақы дүниетанымға сай ерекшеліктерді, ұлттық құндылықтарды аңғара аласыз. Бұл — ақынның туған елі мен жеріне деген шексіз махаббатының белгісі.

Әй, тәкәппар дүние!

Маған да бір қарашы,

Танисың ба, сен мені?

Мен қазақтың баласы! — дейтін өлең жолдарындағы ақынның «мен қазақ деген халықтың баласымын» деген ойынан дүние ғана емес, өзі де ақынға тән тәкәппарлық мінез танытып, әлемге жар

---

\* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: eldos\_t\_e@mail.ru.

салып тұрғанын байқау қиынға соқпайды. Оған «Тәкәппарлық, ерлікті Асқар таудан үйренгем» немесе «Аты шулы шығып тұр, Қасым деген бір ақын!» деген өлең жолдары да дәлел бола алады. Қазақ әр уақытта қайсар мінезді, рухы биік, тәкәппар, батыр халық болды. Осы қасиеттің бәрін бір бойына сидыра білген ақынның рухы — бұл, заманның қылышынан қан тамып тұрған кезіндегі ақынның ерлігі — бұл.

#### Негізгі бөлім

Қ. Аманжолов өлеңдерінде халқымыздың болмысын, дәстүрін, тұрмыстық тыныс-тіршілігін танытатын заттық, дыбыстық, көру, дәмдік, тактильді бейнеде көрініс беретін қазақы ұғымдарды бейнелейтін сөздер жеткілікті. Мысалы заттық бейнеде келген *домбыра, қобыз, сырнай, орамал, бөрік, тымақ, тон, қамзол, мола, ауыл, қымыз, іркіт, айран, ірімшік, құрт, сыбаға, шаңырақ, түндік, сырғауыл, шымылдық, шолпы, бойтұмар, жайнамаз, күбі, әбдіре, ошақ, бесік, қамшы, қанжыға* т.с.с. тілдік бірліктер көптеп кездеседі. Мысалы: «Күй кеулеп, үй түндігі желпілдейді, Қосылып *домбыраға* сырлы *қобыз*, «Айнымасқа серттескем, Айғағым бұл *орамал*» немесе «Қалтаңда *ақ орамал*, *Бір шетінде атым бар...*», «*Молаға* екі жігіт келіп жетті, Біреуі ақын еді от жүректі», «*Сыбағам* қайда, *сыбағам? Жоқ па, сірә, ешқашан?!*» немесе «Неге сонша ентелейсің елеуреп, *Сыбағанды* қоятындай біреу жеп?!», «Өмірден үміт жоқ өзге, Даланың тердім *тезегін*», «*Түндіктері* желпілдеп, Күтіп тұрды жарлы *ауыл*. Шыр айналды *шаңырақ*, Сықырлады *сырғауыл*», «Құлдықтың құрсауы емес — баста *бөркім*, Табиғат бөбегімін өскен еркін» т.б. Жоғарыдағы *домбыра* — халқымыздың қасиетті музыкалық аспабы. *Домбырамен* орындалатын қазақ әндерінің өзінде ерекшелік бар. «*Ал ойнайын домбыра, Қосыла гой «Ай, гөкке»*. Мұндағы «ай, гөк» ән деген мағынада беріліп тұр. *Ай-гөк, игау-гай, игай-көккім-ай агауғай, алқарай-гөк, игигай-гиккай* дегендер қазақ халық әндерінде көптеп кездеседі, бұл әнге әр беретін қаратпалар (сөз, дыбыс) болып табылады, халқымыздың бір ерекшелігі осында жатыр. *Орамал* — серттің, тазалық пен пәктіктің белгісі, *сыбаға* — дәстүрімізде сыйлы адамдарға берілетін кәде, *шаңырақ* — киіз үйдің бір бөлшегі, татулық пен береке-бірліктің символы т.с.с.

Дыбыстық бейнеде келген ән, күй, дыбыстап шақыру: «*Ән мен күүді сапырған, Сал домбыра — сал ожау*», «*Құраулап жылқы шақырған, Қоңырау үнді келіншек*», көру бейнесінде: «*Ортада сапырылған сары қымыз, Былқылдап пісіп жатыр бағланыңыз*», тактильді бейнеде: «*Лебіңмен оттай ыстық тартасың кеп, Тіріліп іздегендей мені әкем*», «*Ұйықтап бір кетуші еді екі жетім, Желтуші ед қанатымен Арқа желі...*», «*Ай нұры шағылысып ақ жүзіне, Бетінен сүйіп өтті самалды леп*» т.с.с.

Ақын шығармаларында қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүріне қатысты лексика да көрініс беріп отырады: *ақ отау құру, келін түсіру, жасау беру, қалың мал, табақ тарту, беташар, шаиш сипатар, қол ұстатар, ат жарыс, көкбар тарту, бесік жыры* т.б. Мысалы: «*Сыбанып білектерін бір топ әйел, Тігіп жүр келін түсер ақ отауды. Шәйден шымылдығы, белден төсек, Қойыпты сірестіріп бар жасауды*», «*Әнші жүр әбден жаттап «бет ашарды*», Боз бала, жас келіншек, қыз — «*аужарды*». Кім алар «*шаиш сипатар*», «*қол ұстатар*», Бәрі де күні бұрын ойлаған-ды», «*Жарлылар жабыларын жарыстырып, Жамбы алып жігіттері көкбар тартты*». Мұндағы *беташар* — жаңа түскен келінге айтылатын өлең түрі, *шаишсипатар, қолұстатар* — екі жасты табыстырудың алқашқы амалы, көбіне бұл істі жеңгелері атқарып, сый-кәде алады, *аужар* — жөн-жоралғылар жасалып, қыз аттанар кезде айтылатын өлең түрі.

Қазақ жері өзінің бай тарихымен, тау тұлғалы тұлғаларымен, қайталанбас сұлу табиғатымен ерекшеленеді, көз қызығар байлығымен адамды тәнті етеді. Осыған орай ақын өлеңдерінде өзі мақтан тұтар тарихи тұлғалар есімдері, географиямызға тән жер-су, жан-жануарлар, құс атаулары молынан ұшырасады. Шығармада мұндай лексика не тура, не ауыспалы мағынада келеді.

1. Тарихи тұлғалар есімі: Бұқар жырау, Сүйінбай, Махамбет, Біржан сал, Ақан сері, Абай, Жаяу Мұса, Тәттімбет, Құрманғазы, Сұлтанмахмұт, Жамбыл, Абдолла, Мұхтар, Сәбит, Ғабит т.б. Мысалы: «*Келеді ер Махамбет — жыр нөсері*», «*Қиырдан Құрманғазы күй тындатып, Тәттімбет түстік жерден сылқылдатып*», «*Әндетіп оқып отыр ақын Абай*» т.б.

Жер-су атауларына қатысты: Баянауыл, Бурабай, Оқжетпес, Сарыарқа, Талғар, Алатау, Қарағанды, Атырау, Орал, Жайық, Есіл, Сыр, Қарқаралы, Ертіс, Арал, Тарбағатай т.б. Мәселен, *Көкшетауды сұлу Көкше, көк қасқа Көкшетау, жер мен көктің жәннаты* деген эпитет, теңеулермен суреттейді. «*Берсе де Гейне Рейнін, Гомер — Парнас, Көкшемді мен айырбас етем бе екем!*» — деп туған жерге деген сүйіспеншілігі мен оны қорғау жолында аянып қалмайтындығын паш етеді. Сол

сияқты *сары Емел, айбарлы Алатау, қария Алатау, сұлу Көкше, алтын Алтай, ұлы Балқаш, нұрлы Балқаш, ойлы Балқаш, ерке Сыр* т.б. сияқты қолданыстар бар.

2. Жан-жануарлар атаулары: жылқы, түйе, киік, құралай, бұғы, марал, құлан, арқар, қоян, қасқыр, түлкі, аю т.б. Бұл аталғанның бәрі Қазақстан территориясын мекендегендіктен ақын өлеңдерінде көрініс беріп отырады. Кейде тура мағынасында, кейде ақын айтар ойын осы тілдік бірліктер арқылы астарлап жеткізеді. Мысалы: «Көктемде көрсеңіздер Көкшетауды, Жосылар *бұғы, марал, құлан, арқар*» т.б. Немесе ауыспалы мағынада жауды қасқырға теңеу кездеседі: «Апат боп өліктерді басып-таптап, *Қасқыр* боп, өрт боп дұшпан келді қаптап» т.б.

3. Құс атаулары: бүркіт, бұлбұл, байғыз, қаршыға, сұңқар, лашын, қарлығаш, торғай, қарға, аққу, үкі, үйрек, қаз. Мысалы: «Күзетіп күндіз *бүркіт*, таңда *бұлбұл*, Түн болса, тұғыр етіп *байғыз* қонған» немесе ауыспалы мағынада «Көре алмай содан менің *қаршығамды*, «Қан болып жатыр ма, — деп, — құшып шыңды», адамды қарт бүркітке теңейді: «Альпы тауын бетке ұстап саңқ-саңқ етіп, Шықты ұшып *қарт бүркіт* ер Суворов», аспанда ұшқан ұшақты сұңқарға теңейді: «Шығандап шықты көкке болат *сұңқар*, Ұмтылған қаршығадай қаз ілгелі» т.б.

4. Өсімдік, ағаш атаулары: емен, терек, қайың, қарағай, жауқазын. Мысалы: «Долы қыстың дауылы, Құлата алмас *еменің*», «Терезе алды — жас *терек*, Түр екен кімдер сүйеніп?», «Би билеттім бұралтып, Ақ балтырлы *қайыңға*», «Жалбырап жұртқа шыққан *жауқазын* ең, Көзіне ерте ұрынған долы күздің» т.б.

5. Балық атаулары: жайын, шортан, аққайран т.б. «Біресе *жайындай* боп жон көрсетіп, Біресе бүктетіліп айдаһардай», «Шолп-шолп еткен *шортанын*, Шоктығынан ұстадым», «*Ақ қайраңы* айға атылған, Көл еркесі, Аралым!».

Бұдан басқа, қазақтың табиғатын, атап айтқанда, дархандығын, сұлулығын, ерекшелігін танытатын мынандай сөз қолданыстары да жиі ұшырасады: *қазақтың кең даласы, қазақтың әні мен өлеңі, Сарыарқаның желі, жер жәннаты — сұлу Көкше, жер мен көктің жәннаты* (туған жерге қатысты), *туып өскен тау-далам, кең далам — дастарханым — атамекен, ұлан-байтақ туған елім, байтақ жатқан сары дала, біздер өскен кең мекен, кең далалы, кең пейілді қазақпыз т.б.*

Ақын туған жеріне, еліне деген ерекше сезімін үнемі *сайран тау, самал жайлау, сырнайлы өзен, арқа ару, нұрлы күн т.б.* эпитеттермен әсерлі жеткізеді. Мысалы, «*Сайран тау, самал жайлау, сырнайлы өзен*, Лебімен алар тартып, шықсаң қырға», «*Арқа ару*, ашып нұрлы күн бетінді, Ойнатып, еркелетіп мен жетімді» т.б.

Сол сияқты елді, жерді сипаттайтын *алтын нұр, алтын ту, алтын тұғыр, алтын жаз, алтын жұлдыз, сом алтын, алтын айна, алтын от, алтын өмір, алтын қалам, алтын таң, алтын дария, алтын арай, алтын тау, алтын кірпік, алтын жайлау, алтын ай, алтын Алтай, алтын жыр, алтын арна, алтын бесік, алтын діңгек, алтын жал, алтын күн* сынды сөз қолданыстары да бар. Мысалы: «*Алтын жайлау*, ата жұртым, Әкеткендей жерсің ыстық», «Ай астында *алтын тау*, Әлде нұрлы күмбез бе?», «Аспандағы *алтын ай*, Адастырмай алып бар», «Көрген жоқ мұндай ерді жаралғалы, Тау болып Тарбағатай, *алтын Алтай...*», «*Алтын жыр* ақтарылып ауызынан, Желпілдеп жер түндігі дауысынан», «Уа, дариға, *алтын бесік* — туған жер, Қадырыңды келсем білмей, кеше гөр!» т.б.

Қ.Аманжолов туған елі мен жерін ерекше махаббатпен сүйді. «*Мың есе білдірдің зой қадіріңді, Атыңнан айналайын ата қазақ!*» немесе «*Сарыарқа, самалды тау, сырнайлы өзен, Сағындың сен де мені, айтпай сезем. Айбарлы ақсақалым — Алатауым, Күт мені сабырлы оймен, түңілме сен*». Сондықтан Отан алдындағы борышын зұлмат соғыста өтеді. Туған жері ақынға рух берді, үміт отын сыйлады:

Туған ел, сен дегенде жаным жайлау,  
Орнашы зердеме кеп, ұлы Алатау,  
Құйылшы жүрегіме, Есіл мен Сыр,  
Өтейін қаптатып сел, қиратып жау.

Сол сияқты:

«Қазақ деген атымды,  
Өшіре алмас ешбір жау!  
Төбесінен, тиіссе,

Төңкерілер Алатау» — деген жолдардан ақын бойындағы намысты, өршілдікті көреміз. Өзінің рухты өлеңіне туған жерін қосып, құдіретін жырлаудан еш жалыққан емес. «*Бөтен елдің падишасы болғанша, Өз елімнің терсем артық тезегін!*» деп ерекше тебіренеді. Өзге елде сұлтан болуды емес, бар жан-тәнімен ұлтаны болуын қалады. Біз қазақтан Қасымды, Қасымнан қазақты еш уақытта бөле алмаймыз.

Кез келген ақынды даралап, пайымын парықтайтын — оның өзіне тән ерекше сөз қолданысы. Ақын-жазушыларымыздың міндеті объективті ортада болып жатқан дүниені немесе қоғамның шындығын шығармасына арқау ету ғана емес, тіл байлығын да арттырып, бұрын-соңды болмаған соны тілдік қолданыстарды лексикаға қосу. Ақын өлеңдеріне тән ерекше қолданыстар бар, олар түрлі сөз жасаушы тілдік тәсілдер арқылы сәтті шыққан: *өлгеннің сыбағасы, күле толқу, толқынның асау тайы, ұлпа бұлт, долы бұлт, өлеңнің ерке өзені, көңілімнің нұр сәулесі, тіршіліктің жәрмеңкесі, қарттықтың боз қырауы, өмірдің алтын кесесі, қиялымның қанаты, жанымның жанат нуы, жанымның терезесі, көңілдің кілті, бостандықтың бүркіті, дүниенің кірі, бақыттың бесігі, түн жүрегі, орман шашы, ескіліктің күлі, ақылдың алтын оты, намыстың нажағайы, жауыздықтың тәж бен тағы, сәулетті өмір саясы т.б.* Мысалы: «Жамандап өлген жанды кәсіп еткен, *Өлгеннің сыбағасын* нәсіп еткен», «Бауырында Оқжетпестің тұрдым жалғыз, Көл жатты *күле толқып*, айтып аңыз», «*Ұлпа бұлт* бейне торғын орамалы, Тоқып кеп тау мойнына оралады», «Ағыттым бойдан ел үшін, *Өлеңнің ерке өзенін*», «Сықылды *тіршіліктің жәрмеңкесі*, Ғажайып нендей сыр бар, нендей күш бар?!», «*Өмірдің алтын кесесін*, Тосқанмын айдың нұрына», «Түсірген ой сәулесін шар тарапқа, *Ақылдың алтын оты* сөнген шақта» т.б.

Табиғаттағы болып жатқан тылсым дүниелерді, ерекше құбылыстарды ақын жанымен сезініп, барынша әсерлі суреттейді. Мәселен бір ғана толқынды алайық. Ақын қолданысында оны *асау тайға, төбелескен айғырға, қасқырға* теңеген ерекше қолданыстар кездеседі: «Қайталық, тіл алыңыз, әне алда, Толқынның ойнақтап жүр *асау тайы*», «Даурығып әлденеге толқын шулап, *Көкала айғырлардай* жатыр тулап», «*Ту асау* толқындарға мініп алып, Өн шырқап Бурабайда салдық сайран», «Толқынды алсам керек ашулантаып, *Қасқырдай* қамады кеп жан-жағымнан, Жіберді қайығымды қалтылдатып» т.б.

Халқымыздың ерекшелігін, танымын түр-түстер арқылы да сипаттап беруге болады. Түр-түске қатысты әр ұлттың таным-түсінігі әр басқа. Қасым өлеңдерінде ақ, көк, қызыл, күрен, қоңыр т.б. түр-түстердің тілдік қолданысы мен мән-мағынасынан мыналарды көруге болады: *ақ орамал, ақ қанат, ақ қағаз, көк дауыл, көк шалғын, көк сүңгі, көкала арлан, қара құйын, қара түн, қара бұлт, қара ту, қара дүлей, қара ағаш, қара топан, қара көз, қара жартас, қара барқыт, қып-қызыл дария майдан, жап-жасыл балғын шақ, күп-күрең таудың шыңы, сары аяз, сар дала, сары қымыз, қоңыр самал, қоңыр бел.* Мұндағы ақ — тазалықты, пәктікті; көк — шөпті, асқақтықты; қара — көбіне жамандықты, соғысты; қоңыр — сабырлықты, жайлылықты білдіреді. Мысалы: «*Көк дауылдай* кеуделі, Жігіт болдым, ер жеттім», «*Алқара көк* астымда, Белде болат қанжарым», «Қауіпті *қара құйын* желі соғып, Қашырып бара жатыр беттің қанын», «*Қып-қызыл дария майданға*, Басыммен сүңгіп келемін», «*Жап-жасыл балғын шағымда*, Шомылып өртке өскем мен», «Қоңыр самал төске алып, Үнді қуып жөнелдім».

Ақын шығармасында *қалқатай, сәулем, сәулешім, жаным, нұрым, қозым, құлыным, еркешім, қарағым, қарғам, шырағым, айым, күнім, жұлдызым, бұлбұлым, балапаным, бауырым, қалқажаным, сүйінішім* деген қазаққа тән еркелету, жанына жақын тарту, жақсы көру мәнді сөздер мен *дарига* сынды қаратпа сөз жиі кездеседі. Мұндай тілдік бірліктер ұлттық ерекшелігімізді, болмысымызды танытады. Мысалы: «Аққудайын айдыңға қонар күні, Болар ма екен құмартқан *қалқатайдың!*», «Сүйген *сәулем* — серігі жас жанымның, Сеніменен мәңгілік жасар едім», «Алдында кезек сүйіп екі ұлын, Дейтіндей *жаным, нұрым, оу, құлыным*», «Түсінемін бақытыңды, *қарағым*, Қолда барым — осы өлеңді әкелдім», «Сүйдіретін маңдайын, *Қозым* менің, *құлыным*, Әрі қызым, әрі ұлым», «*Дарига*, бізе де бір тиді кезек, Сені өртеп жатыр міне ызалы кек» немесе «*Дарига*, бар екен ғой ескерушім, Алыстан адал тілеп, жүрген жебеп» т.б. Ақын қолданысындағы «дарига» қаратпа сөзі әртүрлі мағынада жұмсалады.

Ақын өлеңдерінен таза болмыс-бітімі мен туған жерге деген сағыныштан ауыл келбетін, тыныс-тіршілігін көруге болады. Ауыл бейнесін *қорадағы қой, көгендегі қозы-лақ, белдеудегі бұзау, жылқы, қыстау, қора, күресін* сияқты тілдік бірліктер арқылы көз алдына әкеледі. Мысалы:

«Дүркіреп *қойлар* үркіп, *қойшы* сасып,  
Шулады *көгендегі қозы-лағы*.  
*Бұзаулар* белдеулерді үзе қашып,  
Мөңіреді азан-қазан *сиырлары*.  
Дөңкиіп *түйелер* де тұрып жатты.  
Шідерін үзе үрікті *жабы-дағы*».

Сол сияқты:

«Құраулап жылқы шақырған,  
Қоңырау үнді келіншек;  
Қуалап құлын қайырған  
Қайда жүрсің, жеткіншек?!».

Немесе:

«...Қыс. Қыстау атамекен Қызылдағы,  
Ерттеулі аттар толы қора маңы.  
Томпандап үйге жалғыз келе жаттым,  
Тойдырып күресіннің сырғанағы».

Ақын қаймағы бұзылмаған қазақтың бейнесін, келбетін былай деп суреттейді.

Кемпір көрем көк өзендей» күй төккен,  
Шалды көрем жыр ұшырған көкіректен.  
Қызымыз бар құралай көз, қара шаш,  
Күлкісі — күн, сайрап кетсе — сандуғаш,  
Жігітіміз барабар жас түлекпен.

Бұл «Қазақстан» дейтін өлеңінен біздің ұлылығымыз бен даналығымызды, өзгеден биік даралығымызды, ойлағанда тереңдігімізді, ашылғанда кеңдігімізді, ән салғанда асқақтығымызды көреміз, марқаямыз, қазақ боп туғанға қуанамыз. Немесе:

Ата қазақ ақ сақалды,  
Атыңа мін, ал домбыра.  
Жина жырмен ұрпағыңды,

Аш кеуденді батырыңа — дегеннен салты мен дәстүріне берік, рухы биік көшпелі қазақ халқының ғасырлар бойы жасап келе жатқанын аса мақтанышпен жырлайды.

#### Қорытынды

Қорыта келгенде, Қасым Аманжолов поэзиясының қазақ әдеби тілін дамытудағы орны ерекше. Ақынның өлеңдерінен өршіл рухты, асқақ арманды, қайталанбас ерлікті, туған жерге деген сағынышты, елге деген ыстық ықылас пен сезімді, табиғатқа деген сұлулықты, өмірге деген құштарлықты, досқа деген адалдықты, балаға деген шексіз сүюді, қазаққа деген зор махаббатты көреміз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Аманжолов Қ. Дариға, сол қыз: Өлеңдер мен поэмалар / Қ. Аманжолов. — Алматы: Раритет, 2006. — 256 б.
- 2 Аманжолов Қ. Нұрлы дүние: Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар / Қ. Аманжолов. — Алматы: Жазушы, 1991. — 392 б.
- 3 Аманжолов Қ. Дариға, сол қыз. Өлең-жырлар / Қ. Аманжолов. — Алматы: Атамұра, 2003. — 212 б.

Е.Е. Түйте

### Языковые особенности произведений Касыма Аманжолова: лексика, отражающая национальный характер

Язык любого народа обогащается и пополняется на основе произведений поэтов и писателей. Анализируя их произведения, мы можем наблюдать новые случаи словоупотребления и новые выражения в современном языке. В статье рассмотрена система лингвостилистических средств, характерных для творческой манеры языковой личности поэта К. Аманжолова. Проанализирована совокупность языковых и стилистико-текстовых особенностей поэта, характеризующих речевое воплощение автора, а также природу и национальный характер казахского народа. В частности, изучена система связей лексических единиц, относящихся к обычаям и традициям, к антропонимике и топонимике, отражающие предметное, звуковое, зрительное, вкусовое, тактильное представление о быте нашего народа. Индивидуальный слог поэта рассмотрен как главный в организации языкового пространства и личности автора и идиолектной парадигмы его идиостиля. Стилистическая доминанта и авторская индивидуальность помогли выявить индивидуальные особенности поэтического стиля,

которые подробно отражены в языковых образах казахской бескрайней степи и аула, а также в словах и выражениях, характерных только казахскому народу.

*Ключевые слова:* поэзия, языковые единицы, казахский литературный язык, лексика, национальные ценности, материальный образ, тактильный образ, прямое значение, переносное значение, слова, звук, символ, география, эпитет, уравнение, традиции, обычаи, языковые средства, языковое богатство.

Ye.Ye. Tuyte

### **Language features of the works of Kasym Amanzholov: vocabulary reflecting national character**

The works of authors and poets are significant in the enrichment of the language of any nation. Because they show new word usage and new expressions in the modern language. The article deals with the system of linguo-stylistic means characteristic of the creative manner of the linguistic personality of the poet K. Amanzholov. The totality of linguistic and stylistic-textual features of the poet is analyzed, which characterize the author's speech embodiment, as well as the nature and national character of the Kazakh people. In particular, the system of connections of lexical units relating to customs and traditions, anthroponymy and toponymy, reflecting the objective, sound, visual, gustatory, tactile idea of the life of our people, is analyzed. The individual syllable of the poet is considered the main one in the organization of the language space and personality of the author and the idiolect paradigm of his idiostyle. The stylistic dominance and the author's individuality helped to reveal the individual features of the poetic style, which are reflected in detail in the linguistic images of the Kazakh endless steppe and aul, as well as in words and expressions characteristic only of the Kazakh people.

*Keywords:* poetry, linguistic units, Kazakh literary language, vocabulary, national values, material image, tactile image, direct meaning, figurative meaning, words, sound, symbol, geography, epithet, equation, traditions, customs, linguistic means, linguistic wealth.

#### References

- 1 Amanzholov, Q. (2006). Dariga, sol qyz: olender men poemalar [Dariga, that girl: prose and poems]. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 2 Amanzholov, Q. (1991). Nurly dunie: Tandamaly olender men poemalar [Shining worlds: Selected proses and poems]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 3 Amanzholov, Q. (2003). Dariga, sol qyz. Olen-zhyrlar [Dariga, sol qyz. Prose-zhyrs]. Almaty: Atamura [in Kazakh].